

**"Мемлекеттік техникалық инспекторлар актілерінің нысандарын бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы Энергетика Министрінің 2015 жылғы 2 ақпандағы № 56
бұйрығына өзгеріс енгізу туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 21 тамыздағы № 544 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 23 қыркүйекте № 12100 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 27 тамыздағы № 337 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Энергетика министрінің 27.08.2018 № 337 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Мемлекеттік техникалық инспекторлар актілерінің нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика Министрінің 2015 жылғы 2 ақпандағы № 56 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10457 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 15 сәуірде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрыққа 2-қосымша осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Электр энергетикасы департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгенінен кейін он күнтізбелік күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықты алған күннен бастап он күнтізбелік күн ішінде оның көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің ресми интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастыруды;

5) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 2), 3) және 4) тармақшаларымен көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді беруді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрі

В. Школьник

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2015 жылғы 21 тамыздағы
№ 544 бұйрығына қосымша
Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2015 жылғы 2 ақпандағы
№ 56 бұйрығына 2-қосымша

Нысан

Тексеру қорытындысы туралы

№ _____ АКТ

" ____ " _____ 20 ____ ж. _____

(жері)

Бақылау және қадағалау органының атауы: _____

Тексеруді жүргізуге уәкілетті тұлға _____

(мемлекеттік техникалық

инспектордың Тегі, Аты, Әкесінің аты (бар болған жағдайда))

Тексерулер жүргізуге тартылатын мамандар, кеңесшілер және сарапшылар туралы мәліметтер: _____

Тексерілетін субъект: _____

(субъектінің ұйымдастырушылық-құқықтық нысаны,

толық атауы)

(субъект басшысының Тегі, Аты, Әкесінің аты (бар болған жағдайда))

(субъектінің орналасқан жері)

(ЖСН, БСН)

Тексеруді тағайындау туралы акт "___" _____ 20__ ж. № _____

Тексеру жүргізу мерзімі: "___" _____ 20__ ж. бастап "___" _____ 20__ ж. дейін.

Тексеру нәтижелері туралы мәліметтер (оның ішінде анықталған бұзушылықтар, олардың сипаттамалары туралы):

1. _____

2. _____

3. _____

4. _____

5. _____

6. _____

7. _____

8. _____

9. _____

10. _____

Тексеру қорытындысы туралы актімен таныстым _____

(тексерілетін субъекті өкілінің,

сондай-ақ тексеруді жүргізу кезінде қатысқан адамның Тегі, Аты, Әкесінің аты (бар болған жағдайда) олардың қолы немесе қол қоюдан бас тартуы)

"Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 24-бабының 4-тармағына сәйкес, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, тексеру нәтижесінде анықталған бұзушылықтар бойынша қосымша уақыт және (немесе) қаржылық шығындар қажет болған жағдайда, қарсылықтар болмаған кезде тексерілетін субъект үш жұмыс күнінен кешіктірмей, тексеруді жүргізген бақылау және қадағалау органының басшысымен келісілетін мерзімдерді көрсете отырып, анықталған бұзушылықтарды жою жөнінде қолданылатын шаралар туралы ақпарат беруге құқылы.

Қосымшалар: _____

Акт 2 данада жасалды, қосымша _____ парақ.

Мемлекеттік техникалық инспектор _____

(қолы)

Актіні алдым _____

(тексерілетін субъекті басшысының (өкілінің) Тегі, Аты, Әкесінің аты (бар болған жағдайда), қолы, немесе тексеру аяқталған күні тексеру қорытындысы туралы актінің екінші данасында кеңседен (іс жүргізушіден) алу туралы белгіні қою)